

Сайлау учаскелерін құру туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімінің 2014 жылғы 02 сәуірдегі № 7 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 сәуірде № 4642 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 23-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабына сәйкес Сырдария ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Сырдария ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Сырдария ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ.Бержановқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы
"Келісілді"

Сырдария аудандық сайлау
комиссиясының төрағасы
_____ С.Отызбаев
"02" сәуір 2014 жыл

Б. Лекерев

Сырдария ауданы әкімінің
2014 жылғы "2" сәуірдегі
N 7 шешіміне қосымша

Сырдария ауданы бойынша сайлау учаскелері

N 154 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, А.Тоқмағанбетов ауылы, Сырдария аудандық білім бөлімінің "N 135 А.Тоқмағанбетов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

N 155 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Сырдария аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Сырдария аудандық мәдениет үйлері мен клубтары" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

N 156 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Сырдария аудандық білім бөлімінің "N 35 Иса Тоқтыбаев атындағы мектеп-лицей" коммуналдық

мемлекеттік мекемесі;

N 157 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, "Қызылорда облысының білім басқармасының "Сырдария аграрлы- техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

N 158 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Сырдария аудандық білім бөлімінің "N 131 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

N 159 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы, "С.Сейфуллин ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің "С.Сейфуллин ауылдық клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

N 160 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылы, "Қалжан ахун ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қалжан ахун ауылдық клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

N 161 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Іңкәрдария ауылы, Сырдария аудандық білім бөлімінің "N 191 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

N 162 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Ақжарма ауылы, "Ақжарма ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Ақжарма ауылдық клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

N 163 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Шаған ауылы, "Шаған ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Шаған ауылдық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

N 164 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Шаған ауылы, Сырдария аудандық білім бөлімінің "Шаған әуез мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

N 165 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Н.Ілиясов ауылы, "Н.Ілиясов ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Н.Ілиясов ауылдық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

N 166 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылы, "Шіркейлі ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Шіркейлі ауылдық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

N 167 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылы, Сырдария аудандық білім бөлімінің "N 44 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

N 168 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Бесарық ауылы, Сырдария аудандық білім бөлімінің "N 147 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

N 169 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Аманкелді ауылы, "Аманкелді ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Аманкелді ауылдық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

N 170 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Жетікөл ауылы, Сырдария аудандық білім бөлімінің "N 174 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

N 171 сайлау учаскесі - Сырдария ауданы, Айдарлы ауылы, "Айдарлы ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Айдарлы ауылдық клубы"

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК